



Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Шымкент - Ташкент жолының участкесін реконструкциялау) ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 114-V Заңы

2012 жылғы 12 желтоқсанда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім (Шымкент – Ташкент жолының участкесін реконструкциялау) ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ
(№ 43271 операция)

**2012 жылғы 12 желтоқсандағы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
мен
ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ
арасындағы
ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ
Шымкент – Ташкент жолының участкесін реконструкциялау**

МАЗМҰНЫ

I БАП – СТАНДАРТТЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ШАРТТАР; АНЫҚТАМАЛАР
1.01-бөлім. Стандартты ережелер мен шарттарды енгізу
1 . 0 2 - б ө л і м . А н ы қ т а м а л а р
1 . 0 3 - б ө л і м . Түсіндіру
II БАП – ҚАРЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ
2.01-бөлім. Сома және валюта
2.02-бөлім. Қарыздың басқа да қаржылық шарттары
2 . 0 3 - б ө л і м . Қаражатты алу
III БАП – ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ
3.01-бөлім. Өзге де түпкілікті жобалық міндеттемелер
3.02-бөлім. Жобаны іске асыру тобы
3 . 0 3 - б ө л і м . Сатып алу
3.04-бөлім. Экологиялық және әлеуметтік сәйкестік шарттары
3 . 0 5 - б ө л і м . Консультанттар

3.06-бөлім. Есептілікті ұсыну кезеңділігі және оған қойылатын талаптар
IV БАП – ТОҚТАТА ТҮРУ; ЖЕДЕЛДЕТУ

4.01-бөлім. Тоқтата түру

4.02-бөлім. Өтеу мерзімін қысқарту

V БАП – КҮШІНЕ ЕНУІ

5.01-бөлім. Күшіне енүі алдындағы шарттар

5.02-бөлім. Заңдық қорытындылар

5.03-бөлім. Келісімнің күшіне енбеуіне байланысты оның қолданылуын тоқтату

VI БАП - ЭРТҮРЛІ

6.01-бөлім. Хабарламалар

1-ҚОСЫМША – ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2-ҚОСЫМША – ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТАНЫҢ САНАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ АЛУ

ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

2012 жылғы 12 желтоқсандағы ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ("қарыз алушы") мен ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ("банк") арасындағы КЕЛІСІМ

КІРІСІЛЕ

Банк көп партиялы демократияның, плюрализм мен нарықтық экономиканың және оларды өмірге енгізу дің қағидаттарын ұстанған Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде нарыққа бағдарланған ашиқ экономикаға өтуге, сондай-ақ жеке және кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесетін нақты жобаларды қаржыландыруды ұсыну үшін ҚҰРЫЛҒАНДЫҚТАН;

қарыз алушының 1-қосымшада сипатталғандай Өзбекстан Республикасымен шекарадағы «Жібек жолы» халықаралық шекараны кесіп өту пункті мен Шымкент – Ташкент жолының 742 км бекеті арасындағы ұзындығы 62 км жол участкесін реконструкциялауда қарыз алушыға көмек көрсетуге арналған жобаны ("жоба") іске асыруға НИЕТИ БОЛҒАНДЫҚТАН;

қарыз алушы банкке жобаның бір бөлігін қаржыландыруға жәрдем көрсету туралы өтініш ЖАСАҒАНДЫҚТАН;

Банк қоршаган ортаға және әлеуметтік салаға әсерін бағалауды іске асыруда қарыз алушыға жәрдем көрсету үшін өтеусіз негізде техникалық ынтымақтастық қаражатын үсінуша КЕЛІСКЕНДІКТЕН;

қарыз алушы Шымкент – Ташкент жолының 742 км және 705 км бекеті арасында ұзындығы 36,7 км жол участкесін қаржыландыруға жәрдем көрсету үшін Азия Даму Банкінің қарызын тартуға НИЕТ БІЛДІРГЕНДІКТЕН;

қарыз алушы осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жобаны іске асыруға қаржылық және басқа да жәрдем көрсетуге КЕЛІСКЕНДІКТЕН;

Банк, басқаларының ішінен, жоғарыда жазылғандардың негізінде қарыз алушыға осы Келісімде жазылған немесе айтылған ережелерге және шарттарға сәйкес жүз қырық екі миллион АҚШ доллары (142,000,000 АҚШ доллары) мөлшерінде қарыз беруге **КЕЛІСІМ** **БЕРГЕНДІКТЕН;** және

қарыз алушы жоғарыда жазылғандарға қосымша 2009 жылғы 30 наурыздағы банк пен қарыз алушы арасындағы Оңтүстік – Батыс дәлізі жолының жобасына (Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізі) қатысты Қарыз туралы келісім ("қолданыстағы Қарыз туралы келісім") шеңберінде ұнемделген қарыз қаражатын қолданыстағы Қарыз туралы келісімге қосымша Келісімде белгіленетін шарттар мен ережелерге сәйкес қайта бөлу жолымен елу төрт миллион бес жүз мың АҚШ доллары (54,500,000 АҚШ доллары) мөлшерінде жоба үшін қосымша қаржыландыруды ұсыну өтінішімен **банкке** **ЖҰГІНГЕНДІКТЕН,** **ОСЫЛАЙША,** тараптар мыналар туралы уағдаласты:

I БАП – СТАНДАРТТЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ШАРТТАР; АНЫҚТАМАЛАР

1.01-бөлім. Стандартты ережелер мен шарттарды енгізу

Банктің 2007 жылғы 1 қазандағы стандартты ережелері мен шарттарының барлық баптары осы арқылы Келісімге енгізіледі және оған қолданылады және олар осы құжатта толығымен жазылғандағыдай күші және қолданысы болады (бұдан әрі мұндай баптар «стандартты ережелер мен шарттар» деп аталады).

1.02-бөлім. Анықтамалар

Кіріспеде айқындалған және осы Келісімнің кез келген бөлігінде (кіріспе мен қосымшаларды қоса алғанда) пайдаланылатын терминдердің, егер олардың өзгеше түсіндіру жеке айтылмаса немесе түпмәтін бойынша талап етілмесе, тиісінше сонда берілген мағынасы болады, стандартты ережелер мен шарттарда айқындалған терминдердің тиісінше сонда берілген мағынасы болады, ал төменде келтірілген терминдердің мынадай мағынасы болады:

«Қарыз алушының уәкілетті өкілі»	- Қарыз алушының Қаржы министрін білдіреді.
«Жобаларды іске асыруға көзделген таланттар»	- жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарды және Банктің Директорлар кеңесі 2008 жылғы 12 мамырда мақұлдаған және 2008 жылғы 12 қарашадан бастап қолданыстағы банктің экологиялық және әлеуметтік саясатына байланысты 1-8 және 10 (немесе түпмәтіннің талаптарына қарай іске асыруға қойылатын осындай

	талаптардың көз келгені) жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарды білдіреді.
«Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары»	<p>- Банктің экология жөніндегі консультантты, қазақстандық «CaspiEcology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дайындаған және атқарушы агенттік макұлдаған 2012 жылғы 12 желтоқсандағы экологиялық және әлеуметтік басқару және жетілдіру жоспарын білдіреді, бұл ретте мұндай жоспар банктің алдын ала жазбаша келісуімен мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін.</p>
«Экология және қоғамдық мұдделерді қорғау саласындағы заңнама»	<p>- М ы на л а р ғ а :</p> <p>(a) ақпаратқа және шешімдер қабылдауға катысуға ашық қол жеткізуге қатысты сабактас заңдарды немесе қағидаларды қоса алғанда, қоршаған ортаның ластануына немесе оны корғауға;</p> <p>(b) еңбек жағдайларына және жұмыспен қамтуға;</p> <p>(c) еңбек гигиенасына және қауіпсіздікке;</p> <p>(d) қоғамның саулығына, қауіпсіздігіне және қорғалуына;</p> <p>(e) жергілікті тұрғындарға;</p> <p>(f) мәдени мұраға; немесе</p> <p>(g) адамдардың қоныс аударуына немесе экономикалық онтайлы орын ауыстыруына қатысты қолданылатын кез келген ұлттық құқықты немесе қағиданы білдіреді.</p>
«Экологиялық және әлеуметтік мәселелер»	<p>- кез келген экологиялық және әлеуметтік заңын, жобаларды іске асыруға көзделген кез келген талаптардың, экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарының немесе қоныс аудару жоспарының қолданысына жататын кез келген мәселені білдіреді.</p>
«Каржы жылы»	<p>- қарыз алушының әр жылдың 1 қаңтарынан басталатын қаржы жылын білдіреді.</p>
«Атқарушы агенттік»	<p>- Қарыз алушының Көлік және коммуникация министрлігін және Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитетін білдіреді.</p>

<p>«Коныс аудару жоспары»</p>	<p>- Банктің экология жөніндегі консультанты, қазақстандық «CaspiEcology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жобаларды іске асыруға көзделген 5-талапқа сәйкес дайындаған және атқаруышы агенттік мақұлдаған 2012 жылғы 12 желтоқсандағы жоба бойынша коныс аудару жоспарын білдіреді, бұл ретте мұндай жоспар банктің алдын ала жазбаша келісімімен мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін.</p>
-------------------------------	--

1.03-бөлім. Түсіндіру

Осы Келісімде белгілі бір бапқа, бөлімге немесе қосымшаға сілтеме, осы Келісімде көрсетілген жекелеген жағдайларды қоспағанда, осы белгілі бір бапқа немесе бөлімге немесе осы Келісімге қосымшаға сілтеме ретінде түсіндіріледі.

II БАП – ҚАРЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

2.01-бөлім. Сома және валюта

Банк қарыз алушыға осы Келісімде жазылған немесе ескерілетін ережелер мен шарттарға сәйкес жүз қырық екі миллион АҚШ доллары (\$142,000,000) мөлшерінде қарыз беруге келіседі.

2.02-бөлім. Қарыздың басқа да қаржылық шарттары

- (a) Каражатты алуудың ең аз сомасы екі жүз мың АҚШ долларын (\$200,000) құрайды
- (b) Мерзімінен бұрын өтеудің ең аз сомасы он миллион АҚШ долларын (\$ 1 0 , 0 0 0 , 0 0 0) құрайды .
- (c) Ең аз жойылатын сома бес миллион АҚШ долларын (\$5,000,000) құрайды.
- (d) Әр жылдың 15 қантары мен 15 шілдесі пайыздарды төлеу күндері болады.
- (e) (1) Қарыз алушы қарызды теңдей (немесе қаншалықты мүмкін болса, соншалықты бірдей) 28 жартыжылдық төлемдермен әр жылдың 15 қантары мен 15 шілдесінде өтейді, бұл ретте 2017 жылдың 15 қантары қарызды өтеудің бірінші күні және 2030 жылдың 15 шілдесі қарызды өтеудің соңғы күні болады.
- (2) Жоғарыда жазылғанға қарамастан, егер (i) қарыз алушы қарыздың толық сомасын 2.02 (e) (1) бөлімде көрсетілген қарызды өтеудің бірінші күні басталғанға дейін игермесе және (ii) банк төмендегі 2.02 (f) бөлімде көрсетілген қарызды пайдаланудың соңғы күнін қарызды өтеудің осындай бірінші күнінен кейін басталатын күнге дейін ұзартқан жағдайда, қарызды өтеудің бірінші күні немесе одан кейін жасалған әрбір алу сомасы қарызды өтеудің бірнеше күні ішінде тең үлеспен өтеу үшін бөлінетін болады, олар осындай алу күнінен кейін басталады (бұл ретте банк осындай бөлінген сомаларды әрбір жағдайда тұтас сан болатында түрде қажетіне қарай

түзетеді). Банк қарыз алушыны мұндай бөлу туралы ара-тұра хабардар етіп отырады.

(f) 2018 жылдың 10 қаңтары немесе банк өз қалауынша белгілей алатын және ол туралы қарыз алушыны хабардар ететін неғұрлым кейінгі күн қарызды пайдаланудың соңғы күні болады.

(g) Міндеттеме үшін комиссия мөлшерлемесі жылдық 0,5 %-ды құрайды.

(h) Қарыз құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге негізделеді.

2.03-бөлім. Қаражатты алу

(a) Қолжетімді сома жоба үшін талап етілетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің ақылға қонымды құнына қатысты жүргізілген (немесе банктің келісуімен жүргізілетін) шығындарды жабу үшін ара-тұра 2-қосымшаның ережелеріне сәйкес игерілуі мүмкін.

(b) Стандартты ережелер мен шарттардың 3.05 (c) бөлімінің ережелеріне қарамастан, қарыз алушы біржолғы комиссияны қолжетімді сома қаражатынан емес, меншікті ресурстары есебінен төлеуді жөн көреді. Қарыз алушының біржолғы комиссияны төлеуі стандартты ережелер мен шарттардың 3.05 (d) бөліміне сәйкес жүргізілетін болады.

III БАП – ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ

3.01-бөлім. Өзге де түпкілікті жобалық міндеттемелер

Егер банк өзгеше келіспесе, стандартты ережелер мен шарттардың IV бабында жазылған жалпы міндеттемелерге косымша:

(a) Қарыз алушы шараларды қолданады;

(2) жобаның мақсаттарына қол жеткізу және осы Келісімнің ережелерін орындау үшін қажетті немесе тиісті барлық шараларды қолданады немесе қолдануын қамтамасыз етеді;

(3) өзінің жобаға байланысты жасасқан барлық келісімшарттар бойынша туындайтын барлық міндеттемелерін орындайды.

(b) егер банкпен өзгеше келісілмесе, қарыз алушы:

(1) атқарушы агенттіктің 2014 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей, үздік өнеркәсіптік практикаға сәйкес автожол саласындағы құрылыш жұмыстарына арналған нормативтерді және үлгілік техникалық ерекшеліктерді шолуды аяқтауын;

(2) атқарушы агенттіктің 2015 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей автожол саласындағы құрылыш жұмыстарына арналған тиісті нормативтерді және үлгілік техникалық ерекшеліктерді қабылдауын;

(3) атқарушы агенттіктің 2014 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей атқарушы агенттіктің әлеуетін егжей-тегжейлі бағалауды аяқтауын және тәуелсіз жол агенттігінің

(республикалық автомобиль жолдары желісін басқару үшін құрылатын мамандандырылған жол ұйымы) жұмыс істеуіне қатысты егжей-тегжейлі ұсыныстар өзірлеуін, мұндай ұсыныстарды іске асыру үшін іс-қимылдар жоспарын және қолданыстағы заңнамаға түзетулердің тиісті жобасын дайындауын;

(4) атқарушы агенттіктің 2014 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынылып отырған реформаларды іске асыруға мүмкіндік беретін заңнамаға енгізілетін түзетулердің жобасын қамтитын тәуелсіз жол агенттігін құруға қатысты іс-қимыл жоспарын қарыз алушы Үкіметінің қарауына ұсынуын;

(5) атқарушы агенттіктің 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей атқарушы агенттіктің сатып алу функцияларының әлеуетін бағалауды аяқтауын және 1-қосымшада айқындалғандай және атқарушы агенттікпен келісілгендей, жобаның С бөлігінің шеңберінде үздік практикаға сәйкес ұсынымдар өзірлеуін;

(6) атқарушы агенттіктің 2014 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей жоғарыдағы (5) тармақшада көрсетілген ұсынымдарды қолдануын және қолданылатын заңнамаға сәйкес атқарушы агенттіктің сатып алу саласындағы функцияларын жетілдіруді аяқтауын;

(7) атқарушы агенттіктің 2015 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей жол агенттігі құрылған жағдайда жоғарыдағы (5) тармақшада көрсетілген ұсынымдарға сәйкес жол агенттігінің сатып алу саласындағы тиісті функцияларын іске асыруын;

(8) атқарушы агенттіктің 2014 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей жеке сектордың дайындығын және мемлекеттік сектордың нәтижелілікке негізделген техникалық күтіп-ұстау жөніндегі келісімшарттарға арналған тендерді өткізу мүмкіндігін бағалайтын зерттеуді аяқтауын;

(9) атқарушы агенттіктің 2015 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей регламенттік техникалық күтіп-ұстауға арналған көпжылдық келісімшарт үшін тендерлік құжаттама дайындауын және осындай тендерді жариялауын;

(10) атқарушы агенттіктің 2013 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей қарыз алушы Үкіметінің қарауына концессиялар туралы заңнамаға жобаларды МЖӘ үлгісі бойынша іске асыруды қамтамасыз ету үшін тараптарға қолайлы түзетулердің тиісті жобасын ұсынуын;

(11) атқарушы агенттіктің 2014 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей қарыз алушының қолданылатын заңнамасына сәйкес pilotтық концессиялық жоба үшін барлық қажетті тендерлік құжаттарды дайындауын және банкпен келісілген кестеге сәйкес көрсетілген тендерді жариялауын; және

(12) қарыз қаражаты есебінен реконструкцияланатын автожол участкесінің құрылыш жұмыстары аяқталғаннан кейін және қарызды соңғы төлеуге дейін жобаның тіршілік циклі ішінде 1b санатты ретінде сыныпталатының қамтамасыз етеді.

3.02-бөлім. Жобаны іске асыру тобы

Жоба бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушы қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық қырларын үйлестіру, басқару, мониторингілеу және бағалау мақсатында қарыз алушы атқарушы агенттік арқылы, егер банкпен өзгеше келісілмесе, жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде жобаны іске асыру бойынша атқарушы агенттіктің бара-бар ресурстары мен жеткілікті персоналы бар тобының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3.03-бөлім. Сатып алу

Стандартты ережелер мен шарттардың 4.03-бөлімінің мақсаттары үшін, егер банк өзгеше келіспесе, жоба үшін талап етілетін және қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылуға жататын тауарлар, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушының мүнадай ережелер реттейді:

(a) тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер (3.03 (c) бөліміне енгізілген консультанттардың қызметтерін қоспағанда) ашық сауда-саттық арқылы сатып алушының мүнадай ;

(b) 3.03 (a) бөлімінің мақсаттары үшін ашық сауда-саттықты жүргізу рәсімдері ЕҚДБ-ның сатып алу қағидаларының 3-тарауында жазылған;

(c) жобаны іске асыруға жәрдем көрсету үшін қарыз алушы тартатын консультанттар ЕҚДБ сатып алу қағидаларының 5-тарауында жазылған рәсімдерге сәйкес іріктеледі ;

(d) барлық келісімшарттар ЕҚДБ сатып алу қағидаларында жазылған қараша рәсімдеріне жатады.

3.04-бөлім. Экологиялық және әлеуметтік сәйкестік шарттары

Қарыз алушы стандартты ережелер мен шарттардың 4.02 (a), 4.04 (a) (iii) және 5.02 (c) (iii) бөлімдерінің жалпыға бірдей қолданылатын сипатына нұқсан келтірмesten, егер банк өзгеше келіспесе, мүналарға :

(a) қарыз алушы экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарында және қоныс аудару жоспарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жобаны іске асыруға көзделген талаптарға сәйкес жобаны орындауға және кез келген мердігердің орындаудын қамтамасызы етуге ;

(b) қарыз алушы жоғарыда айтылғаның жалпыға бірдей қолданылатын сипатына нұқсан келтірмesten, экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын және қоныс аудару жоспарын мұқият іске асыру мен сақтауға және бақылауды қамтамасыз етуге жататын және осындай жоспарларда қамтылатын ережелерге сәйкес осындай жоспарлардың іске асырылуын бақылауға міндеттенеді;

(c) қарыз алушы мен банк жобаның немесе қарыз алушының қалыптасқан жағдайындағы өзгерістерге, күтпеген оқиғаларға және бақылау нәтижелеріне жауап ретінде экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарына және қоныс аудару жоспарына ара-тұра түзетулер енгізуге келісуі мүмкін. Жоғарыда айтылғаның жалпыға бірдей қолданылатын сипатына нұқсан келтірмesten,

(1) егер қандай да бір қолайсыз экологиялық немесе әлеуметтік әсер немесе күтілмеген немесе экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарында және қоныс аудару жоспарында не толығымен не оның маңыздылық дәрежесіне дейін көзделген мәселе

б о л с а ,

(2) егер экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарында және қоныс аудару жоспарында жазылған әсерді азайту бойынша қандай да бір шара кез келген экологиялық немесе әлеуметтік әсерді жою немесе экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарында және қоныс аудару жоспарында жазылған уақыт кезеңі ішінде жобаны іске асыруға көзделген тиісті талаптарда болжанатын деңгейге дейін азайту үшін жеткіліксіз болса , н е м е с е

(3) егер экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын және қоныс аудару жоспарын немесе қандай да бір экологиялық және әлеуметтік заңды қандай да бір елеулі түрде сақтамауды қандай да бір бақылаушы органның инспекциясы немесе билік органы немесе 3.04 (d) бөліміне сәйкес жүргізілетін аудит белгілесе,

Қарыз алушы ақылға қонымды қысқа мерзімде және банктің келісуіне қарай осындай қосымша немесе женілдету жағына қарай қайта қаралған, жобаны іске асыруға көзделген талаптардың және әрбір жағдайда банк үшін қанағаттанарлық шамада экология және қофамдық мұддені қорғау саласындағы қолданылатын заңнаманың орындалуына қол жеткізу үшін қажет болуы мүмкін шараларды әзірлейді және оларды экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарына және қоныс аудару жоспарына енгізеді.

3.05-бөлім. Консультанттар

(а) Жобаны іске асыруға жәрдем көрсету үшін қарыз алушы, егер банк өзгеше ескертпесе, қажет болған кезде біліктілігі мен тәжірибесі, сондай-ақ техникалық тапсырмасы банк үшін қанағаттанарлық болып табылатын консультанттарды тартады немесе тартуды және пайдалануды қамтамасыз етеді.

(б) Қарыз алушы жобаға немесе қарыз алушының жұмысына қатысы бар іс-шараларға жәрдемдесу үшін тартылған кез келген консультанттарды, олардың функцияларын іске асыру үшін қажетті қолда бар барлық жағдайлармен және қолдаумен, сол сияқты барлық құжаттармен, материалдармен және олардың жұмысына қатысы болуы мүмкін басқа да мәліметтермен атқаруши агенттік арқылы тегін қамтамасыз етеді.

3.06-бөлім. Есептілікті ұсыну кезеңділігі және оған қойылатын талаптар

(а) Қарыз сомасы қүшіне енген күннен бастап және ол толық өтелгенге немесе жойылғанға дейін қарыз алушы атқаруши агенттік арқылы банкке есепті жыл аяқталғаннан кейін 90 күн ішінде қарыз алушыға немесе жобаға қатысты туындастын экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша жыл сайынғы есептерді ұсынады. Мұндай есептер мынадай нақты мәселелер туралы ақпаратты:

(1) қарыз алушының 3.04 (а) бөлімде сипатталғандай, жобаны іске асыруға

көзделген талаптарды сақтауы және экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын және қоныс аудару жоспарын іске асыруы туралы ақпаратты;

(2) қарыз алушының жобаны іске асыруға көзделген талаптарды және экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын жобамен айналысатын кез келген мердігерлердің сақтағанын қалай бақылағаны туралы ақпаратты және осындай мердігерлердің жобаны іске асыруға көзделген талаптарды және экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын кез келген елеулі сақтамаушылығының және осындай сақтамаушылықты түзеу үшін қолданылған кез келген шараларының мәліметін;

(3) кез келген алғынған шағымдардың мәліметін және мұндаған шағымдардың қалай шешілгенін қоса алғанда, 10-жобаны іске асыруға дейін көзделген шарттарда талап етілетін мүдделі тараптарды тарту жоспарының орындалуы туралы ақпаратты;

(4) жоба үшін қажетті кез келген рұқсаттардың мәртебесін, қандай да бір реттеуші органдар жүргізген кез келген инспекциялардың нәтижелерін, қолданылатын зандарды, қағидаларды немесе нормаларды кез келген бұзушылықтар және жою жөніндегі оларға байланысты кез келген іс-шараларды немесе кез келген осындай бұзушылықтар үшін салынған кез келген айыппұлдарды қоса алғанда, қарыз алушының жобаға қатысты экологиялық және әлеуметтік зандарды сақтауы туралы ақпаратты және қарыз алушы кез келген реттеуші органдарға жобаға қатысты берген экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі маңызды хабарламалардың, есептердің және басқа х а б а р л а у л а р д ы н мәліметін;

(5) жазатайым оқиғалардың, еңбекке уақытша жарамсыздыққа әкеп соққан жазатайым оқиғалар мен тосын оқиғалардың санын, қарыз алушы қолданған немесе жоспарлап отырған кез келген профилактикалық немесе жеңілдету шараларын қоса алғанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі менеджмент және жоба бойынша денсаулықты сақтау мен қауіпсіздік техникасының жай-күйі туралы ақпаратты, кадрларды еңбек пен денсаулықты қорғау бойынша кез келген даярлауды және қарыз алушы іске асырған немесе жоспарлап отырған денсаулықты сақтау және қауіпсіздік бойынша менеджмент мәселелері жөніндегі кез келген басқа да бастамаларды;

(6) жобаға елеулі әсер етуі мүмкін экологиялық және әлеуметтік зандардағы кез келген өзгерістердің мәліметін; және

(7) қарыз алушы өз акционерлеріне немесе жүртшылыққа кезеңділікпен ұсынатын экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі кез келген ақпараттың көшірмесін қ а м т и д ы .

(b) Күшіне енген күннен бастап қарыз алушы атқарушы агенттік арқылы стандартты ережелер мен шарттардың 4.04 (a) (iv) бөлімінде көрсетілген жобаның орындалуы туралы кезеңдік есептерді тоқсандық негізде, есепті кезең аяқталғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей, жоба аяқталғанша ұсынып отырады. Мұндағы есептер мына дай нақты деректерді қамтуға тиіс: (1) Мына дай жалпы ақпарат:

(A) есеп жасалған күніне және есепті кезең ішінде жобаны іске асыру кезінде қол жеткізілген физикалық прогресс;

(B) жобаны іске асырудағы нақты немесе күтілетін қыындықтар немесе кідірістер және олардың іске асыру кестесіне әсері, сондай-ақ қыындықтарды еңсеру және кідірістерді болдырмау үшін қолданылған немесе жоспарланған нақты шаралар;

(C) жоба аяқталатын күні күтілетін өзгерістер;

(D) жобаны іске асыру тобы персоналның, консультанттардың немесе мердігерлердің негізгі құрамын өзгерту;

(E) жобаның құнына әсер етуі мүмкін мәселелер; және

(F) жобаның қандай да бір бөлігінің экономикалық жүзеге асырылуына әсер етуі ықтимал кез келген оқиға немесе қызмет.

(2) Жобаның әрбір бөлігі бойынша қол жеткізілген прогрессі көрсете және нақты әрі жоспарланатын шығындар кестесін енгізе отырып, жобаның іске асырылу кестесі негізінде жобаның іске асырылу барысының гистограммасы.

(3) Жобаның әрбір бөлігі шеңберінде келтірілген шығындар мен қарыз қаражатын алу егжей-тегжейлі көрсетілген, мыналарды:

(A) бастапқы сметалық құнды;

(B) қайта қаралған сметалық құн болған кезде, өзгерістердің себептерімен қоса осыларды;

(C) бастапқы болжамды шығыстарды және осы күнге нақты шығыстарды;

(D) осы күнге шығыстардың бастапқы сметасынан осы күнге нақты шығыстардың ауытқу себептерін; және

(E) жылдың қалған тоқсандарына болжамды шығыстарды көрсететін есеппен қоса қаржылық есептілік.

(4) осы Келісімде қамтылған шарттардың әрқайсысының орындалу мэртебесінің қысқаша сипаттамасы.

(c) Қоршаған ортаға, денсаулыққа немесе қауіпсіздікке елеулі жағымсыз әсер етуі ықтимал жобаға байланысты кез келген тосын оқиға немесе жазатайым оқиға туындаған кезде қарыз алушы бұл туралы банкті мұндай тосын оқиғаның немесе жазатайым оқиғаның және оларды жою үшін қарыз алушы немесе атқарушы агенттік қолданған кез келген қадамның сипатын көрсете отырып, факсимильдік хабарламамен немесе телекспен дереу хабардар етеді. Жоғарыда айтылғаның жалпыға бірдей қолданылу сипатына нұксан келтірместен,

(1) тосын оқиға немесе жазатайым оқиға, егер ол жоба үшін пайдаланылатын қандай да бір участкеде орын алса немесе егер ол жоба үшін немесе оған қатысты қолданылатын өндірістік құрылыштарда, жабдықтарда, көлік құралдарында немесе кемелерде орын алса (олар жобаның қандай да бір аумағында пайдаланылуына қарамастан және оларды уәкілетті немесе бөгде адамдардың пайдалануына қарамастан) жобаға жатқызлады;

(2) тосын оқиға немесе жазатайым оқиға егер:

(А) кез келген қолданылатын заң мұндай тосын оқиға немесе жазатайым оқиға туралы кез келген мемлекеттік органға хабарлауды талап етсе,

(В) мұндай тосын оқиға немесе жазатайым оқиға кез келген адамның өліміне әкеп соқтырса (бұл адамды қарыз алушының жалдағанына не жалдамағанына қарамастан),

(С) бірнеше адам (бұл адамдарды қарыз алушының жалдағанына не жалдамағанына қарамастан) ауруханаға жатқызууды талап ететін елеулі жарақаттар алса, немесе

(D) мұндай тосын оқиға немесе жазатайым оқиға жұртшылыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де жолмен белгілі болса немесе белгілі болатындығы ықтимал болса, қоршаған ортаға, жұртшылыққа, еңбек гигиенасына немесе қауіпсіздік техникасына елеулі теріс әсері бар деп есептеледі.

(d) Қарыз алушыға немесе жобаға қарсы бағытталған немесе оған қатысты және ол қарыз алушыға немесе жобаға елеулі теріс әсер тигізуі мүмкін немесе жұртшылыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де жолмен белгілі болған немесе белгілі болуы ықтимал жұмысшылардың немесе жұртшылық мүшелерінің кез келген елеулі наразылығына қатысты қарыз алушы банкті дереу хабардар етеді. Қарыз алушы кез келген осындай хабарламадан кейін он күн ішінде қарыз алушының осындай наразылықты тексеру нәтижесін және наразылықта көтерілген мәселелерді шешу үшін қарыз алушы қабылдаған немесе қабылдау ұсынылатын кез келген қадамдарды айқындастын банк үшін қанағаттанарлық есепті ұсынады.

IV БАП – ТОҚТАТА ТҰРУ; ЖЕДЕЛДЕТУ

4.01-бөлім. Тоқтата тұру

Стандартты ережелер мен шарттардың 7.01 (a) (xvii) бөлімінің мақсаттары үшін төмөндеғілер:

(а) қарыз алушының аумағында автожол саласында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық база қарыз алушының қаржылық жағдайына немесе жобаны іске асыру жөніндегі оның мүмкіндігіне немесе осы Келісім шеңберінде оның кез келген міндеттемелерін орындауға елеулі және теріс әсер ететіндей өзгертулгені, тоқтатыла тұрғаны, таратылғаны, жойылғаны немесе қабылданбағаны келісіледі.

4.02-бөлім. Өтеу мерзімін қысқарту

Стандартты ережелер мен шарттардың 7.06 (f) бөлімінің мақсаттары үшін мыналар: 4.01-бөлімде сипатталған кез келген оқиғалардың басталғаны және қарыз алушыға банк хабарлама бергеннен кейін отыз күн бойы жалғасатыны келісіледі.

V БАП – КҮШІНЕ ЕНУІ

5.01-бөлім. Күшіне енуі алдындағы шарттар

Осы Келісім күшіне ену үшін қосымша талаптар ретінде стандартты ережелер мен шарттардың 9.02 (с) бөлімінің мақсаттари үшін мынадай шарттар:

(а) атқарушы агенттіктің ағымдағы жөндеу жұмыстарын пилоттық негізде жеке секторға беруіне қатысты жұмыс жоспарын қабылдауды көрсететін, банкті қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша Банкке қуәлік ұсынылғаны.

(б) регламенттік техникалық күтіп-ұстаудың орташа шығыстарын тым болмағанда қарыз алушының бір саласында, кемінде 50 пайызға ұлғайта отырып, Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жөндеу және оларды регламенттік техникалық күтіп-ұстасу үшін қаржыландыру нормативтерін қабылдауды көрсететін Банкті қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша Банкке қуәлік ұсынылғаны.

(с) банкті қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын және қоныс аудару жоспарын Банктің алуды тиіс екендігі келісіледі.

5.02-бөлім. Зандық қорытындылар

Стандартты ережелер мен шарттардың 9.03 (а) бөлімінің мақсаттари үшін заң консультанттының қорытындысын немесе қорытындыларын қарыз алушының атынан Әділет министрлігі ұсынады және банкке берілетін қорытындыға немесе қорытындыларға енгізілуге жататын қосымша мәселелер ретінде мыналар келісіледі: қарыз алушының Парламенті осы Келісімді ратификациялады.

5.03-бөлім. Келісімнің күшіне енбекеүіне байланысты оның қолданылуын тоқтату

Стандартты ережелер мен шарттардың 9.04-бөлімінің мақсаттари үшін осы Келісімді жасасқан күннен соң 120 күн өткеннен кейінгі күн келісіледі.

VI БАП – ӘРТҮРЛІ

6.01-бөлім. Хабарламалар

Стандартты ережелер мен шарттардың 10.01-бөлімінің мақсаттари үшін мына мекенжайлар ұсынылады:

Қарыз алушы үшін:

Қазақстан	Республикасы	Қаржы	министрлігі
Ж е н і с	даңғылы,	1 1 - ү й	
А с т а н а		0 1 0 0 0 0	

Қаржы министрінің назарына:

Факс: +7 7172 717762

Банк үшін:

Еуропа	Қайта	Құру	және	Даму	Банкі
О п е		E x c h a n g e		S q u a r e	

Ұлыбритания

Операцияларды басқару бөлімінің назарына:
Факс: +44-20-7338-6100

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті түрде өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін осы Келісімнің тараптары ағылшын тілінде төрт данада жасалған және Қазақстан Республикасы, Астана қаласына 2012 жылғы 12 желтоқсанда жеткізілген осы Келісімге қол қоюды қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

А т ы - ж ө н і : Б о л а т Ж ә м і ш е в

Лауазымы: Қаржы министрі

ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ

А т ы - ж ө н і : Т о м а с М а й е р

Лауазымы: Басқарушы директор

1-ҚОСЫМША ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

1. Жобаның мақсаты Өзбекстан Республикасымен шекарадағы «Жібек жолы» халықаралық шекараны кесіп өту пункті мен Шымкент – Та什кент жолының 742 км бекеті арасындағы ұзындығы 62 км жол участкесін реконструкциялауда қарыз алушыға көмек көрсетуден тұрады. Жоба Еуропаны Қытаймен байланыстыратын Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізін жаңғыртудың бір бөлігі болып табылады.

2. Жоба банк пен қарыз алушы ара-тұра уағдаласа алатын өзгерістер енгізілуғе жататын мынадай бөліктерден тұрады:

(А) қарыз қаражатынан қолданыстағы Қарыз туралы келісімге қосымша Келісім шенберіндегі сияқты бірлесіп қаржыландырылатын ұзындығы 62 км жол участкесін реконструкциялау жөніндегі құрылыш жұмыстары¹ мынадай түрде:

- қарыз қаражаты қолданыстағы екі жолақты қозғалыстағы I-b санатындағы жолды және қолданыстағы көлденең тасжолды техникалық күтіп-ұстап, 804,2 км өзбекстандық шекараны 742 км автожолдағы пунктпен қосатын ұзындығы 62 км қолданыстағы жол участкесін реконструкциялауды қаржыландыруға пайдаланылатын болады. Жолдың қолданыстағы участкесі техникалық күтіп-ұстада болғандықтан, жолды қандай да бір кеңейту талап етілмейді.

- қолданыстағы III санатты стандартындағы бір жолақты жолдан I-b санатты стандартындағы екі жолақты қозғалысы бар жолға дейін шамамен 799 км жол айрықтан 804,2 км «Жібек жолы» халықаралық шекараны кесіп өту пунктіне дейін жол

учаскесін реконструкциялау. Бұл жолды 15 метрге кеңейтуді талап етеді. Шекараның қызылысу пунктіне кіреберісте ені 6 м уақытша жолдар жергілікті қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін екі жақтан да қосылатын болады.

- жергілікті уақытша жолдар тұрғын үй құрылышы жүріп жатқан жердегі жолдармен және көптеген шағын қызылыстармен қатар үш орналасу орнымен қамтамасыз етілетін болады. Осы уақытша жолдар негізгі қызылыстарға жергілікті қозғалысты жүзеге асыратын болады және М39 бас тасжолға бүйірден жиі қосылу қажеттігінен құтқарады.

- жолды жайластыруды, жол таңбасын және жол белгілерін қамтитын жолдардағы жол қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарды енгізу.

(В) Құрылыш жұмыстары үшін жобаны қадағалау және басқару жөніндегі консультант:

қарыз қаражаты консультанттарды қаржыландыруға пайдаланылатын болады, олар жобаның А белгінің шеңберінде жүргізілетін жұмыстардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыратын болады және жобаны басқару жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

(С) Автожол саласын басқаруды реформалауға арналған консультациялық қызметтер:

қарыз қаражаты Көлік және коммуникация министрлігіне және Автомобиль жолдары комитетіне (i) сатып алу функцияларын күшейту және сатып алуға арналған курделі келісімшарттарды басқаруға арналған әлеуетін ұлғайту үшін, (ii) жол саласын тәуелсіз жол агенттіктері басқаратын елдердің тәжірибесін талдауда және болашақта тәуелсіз жол агенттігін құруды қолдауда, (iii) техникалық стандарттарды жан-жақты шолуда және жаңартуда, (iv) нәтижелілікке негізделген техникалық күтіп-ұстаяға арналған келісімшарттарға конкурс жариялауға жеке сектордың дайындығын бағалауға жәрдем көрсету үшін консультанттарды қаржыландыруға пайдаланылатын болады.

3. Жоба 2016 жылғы 31 желтоқсанға қарай аяқталады деп күтілуде.

¹Жоғарыда көрсетілгенге қосымша қарыз алушы қолданыстағы Қарыз туралы келісім шеңберінде қарызыдың үнемделген қаражатын қайта бөлу арқылы елу төрт миллион бес жүз мың АҚШ доллары (54,500,000 АҚШ доллары) мөлшерінде жоба үшін қосымша қаржыландыруды беру туралы өтінішпен банкке жүгінді.

2-ҚОСЫМША

ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТЫНЫҢ САНАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ АЛУ

1. Осы қосымшага қосылған кестеде санаты, әрбір санатқа бөлінетін қарыз сомасы, сондай-ақ әрбір санатта қаржыландырылуға жататын шығындардың үлесі жазылады.

2. Жоғарыда көрсетілген 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, қарыз қаражатын алу мұналаса:

(а) Қарыз туралы келісімге қол қойылған күнге дейін шеккен шығындарға;

(b) жобаның (В) бөлігінде көрсетілген жобаны қадағалау және басқару жөніндегі консультант тиісінше тағайындалғанға дейін 1-санат шеңберіндегі шығындарға қатысты жүргізілмеуге тиіс.

2-ҚОСЫМШАҒА толықтыру

Санаты	Қарыз валютасында бөлінген қарыз сомасы	Қаржыландырылуға жататын шығындар үлесі
(1) Жобаның А бөлігі шеңберіндегі жұмыстар ²	136,136,000.00	қандай да бір салықтарды есептемегенде, келісімшарттың 100 % күны
(2) Жобаны басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді коса алғанда, жобаның С бөлігі үшін консультациялық қызметтерді алып тастағанда, құрылышты қадағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	4,740,000.00	қандай да бір салықтарды есептемегенде, келісімшарттың 100 % күны
(3) Жобаның С бөлігі үшін консультациялық қызметтер	1,124,000.00	қандай да бір салықтарды есептемегенде, келісімшарттың 100 % күны
Жиыны	142,000,000.000 АҚШ долл.	

²Жоғарыда көрсетілгенге қосымша қарыз алушы қолданыстағы Қарыз туралы келісім шеңберінде қарыздың үнемделген қаражатын қайта бөлу арқылы елу төрт миллион бес жүз мың АҚШ доллары (54,500,000 АҚШ доллары) мөлшерінде жоба үшін қосымша қаржыландыруды беру туралы өтінішпен банкке жүгінді. Жобаның жалпы бюджеті 196,500,000 АҚШ долларын құрайды.

Осымен 2012 жылғы 12 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімнің («Шымкент - Ташкент» жолының участкесін реконструкциялау) осы аудармасы ағылшын тіліндегі мәтінге сәйкес келетінін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Құжат айналымын
қамтамасыз ету және бақылау,
мемлекеттік тілді дамыту департаменті
Мемлекеттік тілді дамыту
және редакциялау
басқармасының басшысы
Б. Ахметжанова
РҚАО-ның ескертпесі!
Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК